



Терапиялық пайдалануға (ТП) өтінім беру үшін бақылау нысаны:

## Диабет

Тыйым салынған зат: инсулин

Бұл бақылау нысаны спортшыны және оның дәрігерін ТП-ға өтінімге қойылатын талаптармен таныстыруға арналған, бұл талаптар ТП комиссиясына ТП Халықаралық Стандартының тиісті критерийлерін қанағаттандыратынын бағалауға мүмкіндік береді.

Тек толтырылған ТП өтінімі жеткіліксіз екенін ескеріңіз; сонымен қатар растайтын құжаттар берілуі ТИИС. Толтырылған өтінім мен бақылау тізімі ТП-ға рұқсат берілуіне кепілдік бермейді. Керісінше, кейбір жағдайларда заңды қосымшада бақылау тізімінде әрбір элементтің болмауы мүмкін.

<input type="checkbox"/>	<b>ТП өтінім нысаны қамтуы тиіс:</b>
<input type="checkbox"/>	Барлық бөлім түсінікті қолмен толтырылуы керек.
<input type="checkbox"/>	Барлық ақпарат ағылшын тілінде, аурудың диагнозы мен субстанция латын тілінде берілуі тиіс. Диагнозды растайтын құжаттар қазақ/орыс тілдерінде ағылшын немесе француз тіліне аударылып берілуі керек.
<input type="checkbox"/>	Емдеуші дәрігердің қолы
<input type="checkbox"/>	Спортшының қолы
<input type="checkbox"/>	<b>Медициналық қорытындыда мынадай мәліметтер болуы тиіс:</b>
<input type="checkbox"/>	Ауру тарихы: симптомдары, ауру басталған кездегі жасы, аурудың ағымы, емнің басталуы, гипогликемия, диабеттік кетоацидоз, диабетке байланысты асқынулар (қолданылатын жерде)
<input type="checkbox"/>	Дәрігердің симптомдар, белгілер мен тест нәтижелеріне жасаған интерпретациясы
<input type="checkbox"/>	Халықаралық критерийлерге негізделген диагноз (қандағы глюкозаның аш қарындағы деңгейі / глюкозаға толеранттық / А1С немесе қандағы глюкозаның кездейсоқ деңгейі)
<input type="checkbox"/>	Тағайындалған инсулин типі, оның ішінде мөлшері, жиілігі, енгізу жолы
<input type="checkbox"/>	<b>Диагностикалық сынақ / шкала нәтижелері мыналардың көшірмелерін қамтуы тиіс:</b>
<input type="checkbox"/>	Зертханалық тесттер (мысалы, А1С профилі, қандағы глюкоза деңгейі)
<input type="checkbox"/>	Оральдық глюкоза-толеранттық тест нәтижелері (егер жасалса)
<input type="checkbox"/>	<b>Қосымша ақпарат, оның ішінде:</b>
<input type="checkbox"/>	Допингке қарсы ұйымның ерекшеліктеріне сәйкес